МӘҢГІЛІК ЕЛ - ҰЛЫ МҰРАТЫМЫЗ!

# Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

Газет 1934 жылғы 1 қазаннан шығады

●№43 (10 246) ● 18 қазан ● жұма ●2024 жыл ●aksuoniri@mail.ru

## ҚАЗАҚТЫҢ ІРІЛЕРІ, АБАЙДЫҢ ІНІЛЕРІ













*ОБЛЫС ӘКІМІ ПАНФИЛОВ АУДАНЫНДА*

## ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Келесі жылы зауытқа өткізілген жүгеріге берілетін субсидия көлемі 6 теңгеден 10 теңгеге өсіріледі. Бұл туралы бүгін облыс әкімі Бейбіт Исабаев Панфилов ауданында тұрғындарымен өткізілген кездесуде айтты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыс басшысы бүгінге дейін халықпен 29 кездесу өткізсе, бұл – Панфилов ауданының тұрғындарымен өткізіліп отырған үшінші кездесуі.

Халық алдында баяндама жасаған Бейбіт Исабаевтың айтуынша, ауданда өнеркәсіп өндірісінің көлемі 15,9%-ға ұлғайды, бөлшек сауда – 1,4 есе өсті. Ауылшаруашылығының өндіріс көлемі 57 млрд. теңгені құраған. Ауданда ауылшаруашылығы дақылдары 44 мың гектарға себілсе, соның басым бөлігі, яғни, 61% - дәнді жүгері алқабы. Биылғы жылдың 6 желтоқсандағы жағдай бойынша ауданда 26,7 мың гектардың 26,5 мың гектарынан 175 мың тонна жүгері жиналды. Ал, облыста 57 мың гектардан 377,2 мың тонна жүгері жиналады деп жоспарлануда. Жалпы облыстағы өсірілген жүгеріні 4 кәсіпорын қабылдап жатыр. Атап айтқанда, «Жаркент крахмал-сірне» зауыты ылғалдылығы 15%-ға дейін жүгеріні 80 мың теңгеден, 15%-дан 20%-ға дейін 75 мың теңгеден 103 мың тонна қабылдап, 25 мың тоннасын өңдеді. Қарасай ауданындағы «АзияАгроФуд» зауыты ылғалдылығы 15% жүгеріні - 70 мың теңгеден, 15%-дан 20%-ға дейін 65 мың теңгеден 55 мың тонна қабылдады, оның ішінде Панфилов ауданының шаруашылықтарынан 10 мың тонна алған. Талдықорған өңірінде бұдан бөлек тағы екі кәсіпорын бар: Көксу ауданындағы «Уыз Май Индастри» ЖШС 22 мың тонна, Талдықорған қаласындағы «Астық Халық Экспо» ЖШС 20 мың тонна қабылдап, 8 мың тоннасын Тәжікстанға экспорттады. Сонымен қатар қазіргі уақытта «Астық Халық Экспо» ЖШС арқылы



Қытай нарығына шығару бойынша келіссөздер жүргізілуде.

- Алдағы уақытта шаруашылықтардың өнімдерін өткізу мәселесін шешу үшін «Қорғас» арнайы экономикалық аймағында шетел инвесторлар есебінен болашақта тағы бір крахмал-сірне зауытын салу, Қытайға, басқа шетелдерге экспорттау мүмкіндігін қарастыру керек. Сонымен қатар аудандағы 2 қырман жеткіліксіз болуына байланысты Басқұншы ауылдық округіндегі Алмалы ауылында келесі жылғы бюджеттен 250 млн. теңге қаражат бөліп, тағы да 1 қырман салуды және келер жылдан бастап зауытқа өткізген жүгері үшін субсидияның мөлшерін 6 теңгеден 10 теңгеге дейін көтеретін боламыз, - деді Бейбіт Исабаев.

Ауданның тағы бір әлеуеті - бау-бақша шаруашылығы. Облыс бақтарының 44%-дан астам алқабы осы аудан аумағында орналасқан. Ең ірі бау-бақша шаруашылығы – 1004 гектар бақ алқабы бар «Жаркент Фрукт» серіктестігі. Облыс әкімі өз сөзінде «Валиев Аюпжан» шаруа қожалығының заманауи жеміс сақтау қоймасы сияқты өнім сақтау кәсіпорындарын көбейту керектігін айтты. «Ауданда жемісті өңдеу мәселесі шешілмеген, сондықтан аудан әкімдігіне, ауылшаруашылығы және кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармаларымен бірлесіп инвесторлар есебінен жеміс, көкөніс өңдеу кәсіпорындарын ашуды тапсырамын», - деді ол.

Ал, ауданның табиғаты жылыжай шаруашылығына қолайлы болғанымен, бұл мүмкіндік тиімді қолданылмай отыр. Қазір мұнда тек «КазГеоТерм» жылыжайы ғана жұмыс істеп отыр. Бұл бағытта да нәтижелі жұмыс жүргізу қажет.

Жер мәселесі бойынша, өткен жылдан бері 84,9 мың гектар пайдаланбай жатқан жерлер анықталған, бүгінгі күні 39 мың гектар жер ауданның жер қорына қайтарылды. Қайтарылған жерлердің ішінен 3,1 мың гектар жер жеке ауладағы мал бастарының жайылымына бекітіліп берілді. Қалған 35,9 га жер конкурс арқылы табысталатын болады.

Алайда, былтыр ауданда жер беру конкурсы ұйымдастырылмады, биыл тек 1 ғана конкурс өткізіліп, нәтижесінде небәрі 79 гектар жер берілді.

- Аудан әкімі жылдың аяғына дейін тағы бір конкурс ұйымдастырып, ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерді мейлінше көбірек айналымға енгізсін. Сонымен қатар елді - мекендердегі жеке ауладағы мал бастарын қажетті жайылыммен қамтамасыз ету үшін биыл облыстық бюджеттен 98,2 млн. теңге бөлініп, геоботаникалық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Осы орайда жайылымдардың пайдалану және басқару жоспарын келесі жылдың ақпан айында аяқтауды және жоспарға сәйкес жерлерді қайтару жұмыстарын жандандыруды тапсырамын, - деді Б.Исабаев.

Облыс басшысы өнеркәсіп өндірісін дамыту, соның ішінде «Қорғас-Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймақтағы инвестициялық жобалар, «Қорғас» шекара маңы халықаралық ынтымақтастық орталығының жұмысы туралы баяндады.

Аудандағы жақсы көрсеткіштердің бірі шағын және орта бизнесті дамытуға қатысты. Мәселен, ауданда 12,3 мыңға жуық жұмыс істеп тұрған бизнес субъектісі бар, яғни, облыстағы үлесі – 20,6%. Осы салада 19,4 мыңнан астам адам жұмыс істейді, бұл 2022 жылғы деңгейден 28,5 пайызға жоғары. 10 айдың қорытындысында бизнес субъектілерінен мемлекеттік бюджетке 6,1 млрд. теңгенің салығы жиналып, былтырғыдан 2,3 есеге артқан. Дегенмен, кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобада аудан кәсіпкерлерінің белсенділігі әлі де жандандыруды қажет етеді.

Ауданда биыл барлық қаржыландыру көздері есебінен 63,8 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланып отыр, оның ішінде бюджет есебінен - 27,8 мың шаршы метр. Бұл ретте Нұркент ауылында 60 пәтер берілді. Сондай-ақ, осы ауылда екі 80 пәтерлі жалгерлік тұрғын үйдің құрылысы осы жылдың маусым айында аяқталды. Сонымен қатар Жаркент қаласындағы екі 60 пәтерлі кредиттік тұрғын үйлердің құрылыс жұмыстары аяқталады. Осы жылдың желтоқсан айында ол да пайдалануға беріледі.

«Жалпы 2021 - 2022 жылдары бюджеттік, жалгерлік баспана мүлдем берілмесе, 2023 - 2024 жылдары 785 пәтер беріліп, кезек 17,2%-ға азаяды», - деді Бейбіт Исабаев.

Белгілі болғандай, ауданда бүгінгі күні тек Жаркент қаласы газдандырылған. Қазіргі таңда газға 6734 абонент немесе абоненттердің жалпы санының 60%-ы қосылды. Биыл ауданның 25 елді - мекенін газдандыру бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу жұмыстары басталды, осы мақсаттарға жергілікті бюджеттен 615 млн. теңге бөлінген немесе 91%-ы 2025 жылы табиғи газға қол жеткізе алады. Облыс әкімі өз сөзінде газ қостыру құнын төмендету шараларын қабылдауды тапсырды.

Ұзындығы 23 шақырым республикалық маңызы бар «Сарыөзек-Көктал» автомобиль жолының Алтынемел асуына күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды. Келесі жылға тек жол жиектерін жайластыру жұмыстары қалды. Сондай-ақ, Алтынемел асуынан Панфилов ауданына қарай осы жолдың 42 шақырымына және 16 шақырым «Көктал-Жаркент» автожолында орташа жөндеу жұмыстары аяқталды. Ендігі кезекте осы жолдардың жалғасы «Қоңырөлең-Көктал» және «Жаркент-Қорғас» автожолдарын жөндеу бойынша «Қазавтожол» мекемесі тиісті жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеуде. Жөндеу жұмыстары келесі жылға жоспарланған. Жалпы инфрақұрылымды дамытуға, білім, денсаулық сақтау, мәдениет пен спорт сияқты әлеуметтік салалар нысандарын салуға, қайта жаңғыртуға және жобалау жұмыстарына жалпы 2022-2023 жылдары облыстық бюджеттен 20,7 млрд. теңге бөлінген.

Жиында аудан тұрғындары өздерін толғандырып жүрген сауалдарын қойды. Бірнеше тұрғын суару каналдарының жай-күйіне алаңдаушылық білдіріп, жазда суармалы су ысырабын болдырмау шараларын қабылдауды сұрады. Бұл мәселелер аудан әкімдігімен бірлесіп жұмыс жүргізу үшін «ҚазСуШар» мекемесіне тапсырылды.

Жаркенттегі көп қабатты үйлердің меншік иелерінің бірлестігінің атынан үйлерді жылу қазандықтарына қосу, аулаларды абаттандыру мәселелері көтерілді. Аудан әкімінің айтуынша, қалада 49 көп қабатты үй бар. Соның 14-і 6 БМК қазандығына қосылған. Қалған үйлерді қосу жұмыстарының жобалық-сметалық құжаттарын дайындауға қаржы бөлінді. Келесі жылдың екінші жартысында құрылысы басталады. Облыс әкімі аудан әкімдігіне пәтер иелері кооперативінің орнына құрылған меншік иелерінің бірлестігінің ішіндегі үлгілі жұмыс істейтінін насихаттау арқылы бұл жүйенің тиімділігін көпшілікке таныту керектігін айтты.

Сол сияқты Нағарашы ауылының тұрғыны елді - мекен халқының саны өсіп келе жатқандықтан, ауылға дәрігерлік амбулатория қажеттігін жеткізді. Бұл мәселе егжей-тегжейлі зерделеніп, тиісті шешім қабылданатын болады.

Жалпы залдан қойылған 10-ға жуық сұрақтың бәріне жауап беріліп, шешіміне қатысты тиісті лауазымды тұлғаларға тапсырмалар берілді.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.**

## Қыстың қамын – жаз ойла!



***Құрметті Ақсу ауданының тұрғындары!***

Алдағы 2024 - 2025 жылдың қыс мезгілінің ерте түсуіне байланысты жылыту маусымына дайындық шараларын жүргізу аясында, күз айларында жылу беру кәсіпорындарына көмірді жеткізу жұмыстары атқарылады, ол коммуналды - тұрмыстық көмірді тасымалдаушы вагондар санының, қысқаруына әкеп соғады. Осыған орай, жылыту маусымында көмірдің, жетіспеушілігін және әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында, Ақсу ауданының әкімдігі қатты отынның қажетті мөлшерін көмір тұйықтары мен қоймаларынан алдын - ала жаз - күз мезгілінде сатып алу керектігін ескертеді.

**«Ақсу ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары жене тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.**

## ҚАЗАҚСТАН ЭЫДҰ БАСТАМАСЫНА ҚОСЫЛДЫ

Қазақстан Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының тағы бір маңызды бастамасына қосылды. Елдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Асхат Жұмағали бастаған делегация алғаш рет Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының Қоғамдағы парасаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыс тобының отырыстарына қатысты. Беделді ұйымға мүше елдермен бірге Қазақстан да өз тәжірибесімен бөлісті. Елде сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі жақсарып, Moody's несие рейтингісінде тұрақты бағаға дейін жоғарылады. Айта кеткен жөн, сыбайлас жемқорлыққа қарсы халықаралық талаптарды сақтау ұйымға мүшелік етудің басты шарты болған еді.

**МАҚАЛА 24.KZ САЙТЫНАН АЛЫНДЫ.** https://24.kz/kz/zha-aly-tar/basty-zha-aly-tar/item/676094-aza-stan-eyd-bastamasyna-osyldy

# АҚСУ АУДАНЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

_______________№_____________

**№5 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Ақсу аудандық мәслихатынан шығып қалған депутатының орнына сайлауды тағайындау туралы**

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 14-бабының 2-3) тармақшасына, 1-тармағының 4) тармағына, 101-бабының 3-1 және 6-тармақтарына сәйкес және «Мәслихаттардың шығып қалған депутаттарының орнына сайлауды бір мезгілде өткізу күнін келісу туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2024 жылғы 6 қыркүйектегі №39/47 Қаулысы негізінде Ақсу ауданының аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. №5 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Ақсу аудандық мәслихатынан шығып қалған мәслихат депутатының орнына сайлау 2024 жылғы 8 желтоқсанға тағайындалсын.
2. Кандидаттарды ұсыну мерзімі 2024 жылғы 11 қазаннан 8 қарашаға дейін, кандидаттарды тіркеу мерзімі 2024 жылғы 13 қарашаға дейін белгіленсін.
3. Осы Қаулыға қосымшаға сәйкес 2024 жылғы 8 желтоқсанға тағайындалған, Ақсу аудандық мәслихатынан шығып қалған депутатының орнына сайлауды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспары бекітілсін.
4. Осы Қаулы «Ақсу өңірі» аудандық газетінде және Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында орналастырсын.

**Төраға С.ЖҰМАБЕКОВ**

**Хатшы И.ЖҰМАГЕЛДИЕВА**

# АҚСУ АУДАНЫНЫҢ №5 ОКРУГТІК САЙЛАУ КОММИСИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері: Қаракөз ауылы, Жамбыл көшесі, №19, «Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Бижарас Садырбайұлы атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ.

Тел.: 8 (72832) 29695.

Комиссия төрағасы – Тасболатова Найля Меңғалиқызы

Комиссия төрағасының орынбасары – Жандайбекова Ляззат

Комиссия хатшысы – Балтабай Сауық Съезбекұлы

Комиссия мүшелері: Қасымбеков Сұртай Қабидолданұлы, Нұрлан Шеранияз Нұрланұлы.

# АҚСУ АУДАНЫНЫҢ №5 ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ШЕКАРАЛАРЫ

Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері: Қаракөз ауылы, Жамбыл көшесі, №19, «Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Бижарас Садырбайұлы атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ.

Шекаралар: №12, №13, №14, №17, №18 сайлау учаскелері кіреді.

# МЕМЛЕКЕТ ПАЙДАСЫНА БЕРЕШЕКТІ ӨНДІРІП АЛУ:

## Қазақстандағы жеке сот орындаушыларының рөлі



Соңғы жылдары мемлекет пайдасына берешекті өндіріп алу мәселесі Қазақстанда талқыланатын өзекті тақырыптардың біріне айналды. Өсіп келе жатқан экономикалық сын-қатерлер, бюджет қаражатының жетіспеушілігі және әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыру қажеттілігі мемлекеттен борышкерлермен күресудің неғұрлым тиімді әдістерін талап етеді. Осындай әдістердің бірі-жеке сот орындаушыларын тарту.

Жеке сот орындаушылары Қазақстанда сот жүйесін реформалау шеңберінде пайда болды, оның мақсаты сот актілерін орындау рәсімін оңтайландыру және жетілдіру болып табылады. Олар мемлекеттік сот орындаушыларымен қатар жұмыс істейді, бірақ бірқатар артықшылықтарға ие: жоғары ұтқырлық, тәуелсіз шешім қабылдау мүмкіндігі және несие берушілердің сұраныстарына жылдам жауап беру.

Бүгінгі күні мемлекеттік органдар мен бюджет алдында мерзімі өткен берешек сомасы айтарлықтай көлемге жетеді. Бұған салық қарыздары, айыппұлдар, сондай-ақ басқа міндеттемелер бойынша қарыздар кіреді. Қарыздың ұлғаюы мемлекеттік бюджет үшін елеулі проблемалар туғызады және маңызды әлеуметтік бастамалардың іске асырылуына кедергі келтіреді.

Жеке сот орындаушылары неғұрлым икемді жұмыс механизмдеріне ие бола отырып, өндіріп алу сұрауларына тез және тиімді жауап бере алады. Жүктеме мен ресурстардың жетіспеушілігін сезінуі мүмкін Мемлекеттік орындаушылардан айырмашылығы, жеке орындаушылар нақты істерге назар аудара алады. Бұл өндіріп алу мерзімін қысқартуға және қол қойылмаған сот актілерінің санын азайтуға мүмкіндік береді.

Жеке сот орындаушылары салық және басқа да мемлекеттік органдармен табысты жұмыс істейді, бұл борышкерлер туралы ақпаратты тиімдірек бөлісуге мүмкіндік береді. Бұл ынтымақтастық қарызды сәтті өндіріп алу және соның салдарынан мемлекеттік бюджетті толықтыру мүмкіндігін арттырады.

Дегенмен, қарызды өндіріп алу қиындықсыз болмайды. Негізгі проблемалардың бірі - борышкерлердің қаржылық жағдайы туралы ақпаратқа қол жеткізудің қиындығы, сондай-ақ қарыздарды өндіріп алудың қиын шарттары. Көбінесе заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер өз мүлкін жасырады немесе көрінеу жалған ақпарат береді.

Жақында Қазақстанда жеке сот орындаушыларының жұмысына қатысты заңнамаға өзгерістер қабылданды. Бұл өзгерістер өндіріп алу процедураларын жеңілдетуге және борышкерлердің жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Атап айтқанда, үлестермен жұмыс істеу, мүлікке тыйым салу бойынша жаңа тетіктерді енгізу, сондай-ақ банк мекемелерімен өзара іс-қимыл берешекті қайтару мәселелерінде орындаушылардың ұстанымын күшейтуге арналған.

Экономикалық тұрақсыздық пен бюджет қаражатының тапшылығы жағдайында жеке сот орындаушыларының рөлі барған сайын маңызды бола түсуде. Олардың мемлекет пайдасына берешекті өндіріп алу саласындағы жұмысы әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыру және азаматтардың әл-ауқатын қамтамасыз ету жолындағы маңызды қадам болып табылады. Осыған қарамастан, өндіріп алудың тиімділігін арттыру үшін заңнамалық базаны және мемлекеттік және жеке орындаушылар арасындағы өзара іс-қимыл тетіктерін жақсарту бойынша жұмысты жалғастыру қажет.

**Қанат ШАЙМҰХАНБЕТОВ,**
**Жетісу облысының жеке сот орындаушысы.**

***«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА***

# АУЫЛЫНА ҚАРАП АЗАМАТЫН ТАНЫ






Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен биылғы жылдың сәуір айынан «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акция басталған болатын. Бұл акция тұрғындар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру, отансүйгіштікті, табиғатты қорғауға, қоршаған ортаға деген жанашырлық құндылықтарын дәріптеу. Әрбір адам өзінің ауласын, көшесін таза ұстап, тазалыққа өзінің үлесін қосу мақсатында ұйымдастырылуда. Ауданымыз бойынша көктемгі тазалық айлығы осы «Таза Қазақстан» акция аясында басталған. Енді күз келіп, күзгі санитарлық тазалық айлығы да басталды. Акция аясында аудан бойынша жиналған қоқыстар сыртқа шығарылып, көктемнен бері қаншама жұмыстар атқарылды. Аудан әкімдігінің бұйрығымен «Таза жұма» жалпы аудандық сенбілігі әр жұма сайын ұйымдастырылып, тазалық жұмыстарына осы аумақтың тұрғындары, белсенді жастар қатысып, қоршаған ортаны таза ұстауға, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға өз үлестерін қосып, әркім өздеріне бөлінген аймақты қоқыстардан тазалады.

Ауданымызда табиғатты аялау, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған ауқымды акция өтуде. Бұл шараның бүгінгі ұрпаққа берері мол. Себебі, өскелең жастардың бойында патриоттық рухты оятып, еліне, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттырады.

Көктемнен басталған акция аясында жемісті жұмыс атқарылды деп мақтанышпен айта аламын. «Таза Қазақстан» деген әр адамның ойында, санасында жүретін бір мәдени дүниеге айналуы керек.

Айта кету керек, «Таза Қазақстан» акциясы басталғаннан бастап ауылдық елді - мекендерді дамыту аясында аудан бойынша «Үлгілі елді - мекен», «Үздік аула», «Үздік көше» конкурсы өткізіліп, жеңімпаздар аудан әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды.

Иә, «Табиғат – ел байлығы»,- демекші мемлекет дамуы үшін табиғатқа деген құрмет болуы тиіс. Қоршаған ортаны қорғау арқылы Отанға деген патриоттық сезім оянады.

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акцияға азаматтық жауапкершілігі жоғары барлық қоғам мүшелері атсалысуы қажет.

Әрбір елді - мекеннің тазалығы тұрғындарға тікелей байланысты. Өйткені, әрбір көше, әрбір аула, әрбір үй – сенің ауылыңның, ауданыңның айнасы.

Сондықтан біз өз ортамызды, көшемізді, ауылымызды, жалпы ауданымызды таза ұстауымыз керек. Осы бағытта жұдырықтай жұмылып жұмыс істейміз деп сенемін. Қазір күзгі тазалық жұмыстары жүруде. Халқымыз «Ауылына қарап, азаматын, халқын танисың»,- деп бекер айтпаған ғой. Ендеше, барша аудан тұрғындарын осы акцияны қолдауға шақырамын!

Болашақта тәртіп пен тазалықты сақтау аудан тұрғындарының басты дағдысына айналатынына сенімдімін. Бұл адамның адамгершілік келбетінің басты белгісі болмақ. Республикалық экологиялық «Таза Қазақстан» акциясы аясында күзгі тазалық жұмыстар қарқынмен қолдау табуда.

**Ербол ӘБДІКӘРІМҰЛЫ,**

# Құрманғазы

**(Жалғасы. Басы өткен сандарда).**



**А.ЖҰБАНОВ, академик.**

Құрманғазының соңғы жылдарда табылған «Назым» атты бір күйі бар. Күйді бізге берген адам оның шығу тарихы жөнінде еш нәрсе айтпайды. Дина бір әңгімесінде: «Құрекең Көкбаламен екеуі бір жақтан келе жатқанда бір моланың басына жиналған көп қараны көреді. Келсе ол адам тобы екен. Ол адамдар осыдан бірнеше сағат бұрын ғана кенет өлген бір адамды көмгелі жатыр екен. Сұрастыра келгенде өлген қыз болып шығады. Ол күндіз бір асау аруананы сауамын деп бауырына келіп көнек қойған тізесін көтеріп, оң қолын нардың сол жақ артқы аяғынан орай бергенде, ол қызды қақ жүректен теуіп қалады. Қыз шалқасынан құлап, содан кейін есі кірмейді. Денесі суып, демалысы білінбейді. Ата - анасы зарлап, қызды «о дүниеге кетті» деп көр қаздырып, жаназа оқып, бейіт басына алып келіп көмгелі жатқаны осы болып шығады.

Құрманғазы түрмеде неше түрлі адамдармен кездесіп, «өлудің» неше алуан кезеңі болатынынан хабары бары есіне түседі. Ол әсіресе қазақ ауылында талып қалған не летаргілік ұйқыға (бірнеше тәулік ұйқыға кететін. – А.Ж.) кететін жайларды білмей, күтпей көме салудың барын біледі. Сондықтан жиналған топқа қарап:

– Бір - екі сағат тоқтай тұрыңыздар, мүмкін бұл қыз өлмеген болу керек, асығыстық дұрыс болмайды, – дейді.

Тұрғандар бұл сияқты бұрын - соңды естіпеген «сұмдыққа» сеніңкіремей бастарын шайқасады. Әсіресе, араларында тұрған молда:

– О кешеден бұ кешеге шейін өлген жанның қайта тірілгені жоқ, ондай сөз айтып күпір болмаңыз! – деп жолатпайды.

Құрманғазы ашуланып, молдаға:

– Сірә, молдеке, сен бірдеме алып қойып, соны қайта құсамын ба деп қорқып тұрған шығарсың. Амандық болып қыз тірілсе, сол бергенді қыздың садақасы деп сенен алмай-ақ қоялық! – деп, молданы тоқтатады. Қыздың ата - аналары:

– Алыс сапардан келе жатқан жолаушылар екен, көпті көрген адамдар шығар, аялдай тұрыңдаршы! – деп, көздерінің жасын тағы бір төгіп алады.

Осылай дін дәрісімен уланып қалған бастары «жұмыс істемей» көпшілік тоқырап тұрған кезінде кебін қозғалғандай болады. Құрманғазы жүгіріп барып жүрегін басып қарап, тыңдап:

– Шүйінші, жаны бар! – деп айқайлап жібереді. Өзі жанындағы торсығынан қыздың аузына сусын тамызады. Қыз біртіндеп дүниеге ене бастайды. Баяғы молда: «Астағфиралла, астағфиралла!» деп, топты айнала жүгіріп, ақыры ауылға қарай қаша жөнеледі. Басы Құрманғазы мен Көкбала болып, молданың жағдайына біраз күліп алады. Бұл кезде қыз да әлсіз түрде көзін ашып, аң - таң болып айналаға қарайды. Әке - шешесі «қорыққан мен қуанған бірдей» дегендей тағы біраз жылап «тостағандарын жуып» алады.

Қызды ауылға алып келіп, туысқандары үлкен той қылып, ат шаптырып, палуан түсіріп, бір жетідей мерекеледі. Бұл қызықтың бәріне қуанбаған тек баяғы молда болады. Ол көп күндер көргенінің өңі екенін де, түсі екенін де айыра алмай, арабшаны сүрелеп оқығаны болмаса, құранда не жазылғанын да білмейтін сорлы басы: «Лә иләһә иллала» деп, иманын айтумен ғана болады.

Қыздың әке - шешесі Құрманғазы мен Көкбаланы бірнеше күн қонақ етіп, қатты сыйлайды. Көптеген күй тыңдап, мәз болады. Кетерінде қыз Құрманғазыға:

– Сіз менің екінші әкем болдыңыз, сіздің арқаңызда мен екінші рет дүниеге келдім, өмір бойы сізді ұмытпаймын, – деп құшақтап, жылап жібереді. «Менің көзімдей көріп жүріңіз», – деп өзінің ең жақсы көретін Сарыат деген арғымағын Құрманғазыға жетелетіп жібереді.

– Айтушылар сол қыздың аты Назым екен дейді. Мына күй сол «Назым қыз» болып та аталатын еді дейді. Бір әңгімеде Құрманғазы қызды көміп кеткен бойда келіп, бейіттен бір дауыс шыққандай болып, жаңа салынған топырақты күшті қолымен қазып, қызды көрден алып шығып тірілтеді. Әрине, бұл сияқты аңызға айналған әңгіменің «бұтақтары» көп болады емес пе, оның бәрін бірдей келтіріп жатпадық.

«Назым» шағын ғана күй. Жалпы сарыны Құрманғазы почеркне келеді. Көңілді, орташа екпінді, лирикалық пландағы күй. Үнінде жылы шырай, жұмсақ леп бар. Диначша айтқанда «бір тартар» ғана күй.

Құрманғазы алпысыншы жылдардың ортасы ауғанша Жиделіде жүріп қалады. Оған себеп болған күйшінің Бапаспен достасуы болады. Уақытша советке қадірлі Бапас үндемесе де оның «төреден» шыққан туысы, «ақсүйектігі» Әубәкір сияқтылар бата алмайтын қорған болады. Бірақ Құрманғазының соңынан қалмайтын Әубәкір күйшінің тағы бір жақсы атты болғанын естіп, адамдарын жіберіп, бір түнде Сарыатты ұрлатып алдырады. Атын сұрап барған күйшіні Әубәкір сөгіп: «Саған жақсы ат неге керек. Әуелі ана құрым киіз жапқан үйіңді неге ағартып алмайсың, «Құрымбай мырза!» – деп кемітеді. Онымен қоймай қарсыласар ойы да жоқ, тып - тыныш тұрған Құрманғазыны қапылыста жігіттеріне ұстатып сілейтіп сабап, есін тандырып тастайды. Түн ортасында ғана көзін ашқан Құрманғазы, үсті - басы көкала қойдай болып үйіне келіп, қалай кегін алуды ойлайды. Әуелі бейбіт жолмен көрейін деп Құрманғазы Әубәкірдің сыйласы дегенмен Шыман төренің баласы Жәншаға барады. Құрманғазының ойынша Жәнша өткен оқиғаны есіне алмас, бұл жасы келіп, дәрежесі көтеріліп тұрған кезінде мейірімі түсер дейді. Бірақ Жәнша «сау күндегі әнге басып» Құрманғазыны балағаттап қуып жібереді. «Бай байға құяды» деген осы екен ғой деп Құрманғазы қайтып бара жатып, Шыман әулетінің жылқысынан іріктеп елу атты қуып кетеді. Бұхараның ашуынан қорқып қалған, көлеңкеде өскен «ақсүйектер» Құрманғазының соңынан батып қуа да алмайды. Бірақ «жараның аузына түз сеуіп қайтемін» деп Құрманғазы Шыман тобының аттарын ауылының қасына алып келіп қуып тастап, өзі біраз желпініп өшін алғандай болады. Кейін Әубәкірдің қойған аты «Құрымбай» есіне түсіп, «қанды ауыздан шыққан сөз екен, ізсіз қалмасын» деп өлең шығарады.

«Сұрасаң менің атым Құрымбайды,
Жайықтың суы маған жұрындайды.
Шыманның елу атын бір айдадым,
Құрымбай жай адамға ұрынбайды», – дейді. Құрманғазының бұл өлеңі халық арасына кең тарап кетеді.

Шыман әңгіме болған жерде осы өлең айтылмай қалмайды екен деседі.

Әубәкір досы Жә順шаны бір тізе бүктірген күйшінің бұл ісіне қатты ыза болады. Құрманғазыны қалай да тыныш жүргізбеуге уәде береді. Өзінің пікірлесі бір старшынмен бірігіп, «Құрманғазы қоғамға қауіпті адам» деп сол кездің жек көрген адамына қолданатын қаруы – «бейбіт үкім» («Мирный приговор») жасап, күйшіні Үркітке айдататын (Иркутск) болады. Оны естіген Құрманғазы тағы амалсыз тасаланады. Әубәкір жиырма старшынға «боплық» шашып (құлақтандыру жайып мәнісінде. – А.Ж.), Құрманғазыны табылса ұстау керегін білдіреді. Бірақ старшын біткеннің бәрі де «Құрманғазы біздің қарауымызда жоқ» деп хабар береді. Олардың ішінде орта дистанцияның депутаты Бердиев, Бекболат Үстібаев, Жантілесов, Наурызалин тағы басқалардың аттары аталады.

Күндердің күнінде Әубәкір Құрманғазыны ұстатып айдатады.

Күйшіні Саратовқа шейін жай арбаға мінгізіп алып келеді. Арбаға жеккен Бозшолақтың еріксіздік жағдайын тақырып етіп алып Құрманғазы күй шығарады. Күйдің аты «Бозшолақ атты боқ дүние» болады. Кейін күй «Бозшолақ» атанып кетеді. Құрманғазы бұл күйде Бозшолақтың жүрісінен бастап, өзінің еріксіздік халін суреттейді. Бірақ тағы да күйде уайым кейпі болмайды. Қайта «басқа түскенді көріп алармын» деген сияқты қайрат лебі бар, әлі де мойымағандығы, алдынан әлі де үміт күте түсетіні сезіледі.

Бір айта кететін жағдай – архив деректері бойынша Құрманғазы 1866 жылы Орал түрмесіне қайта жабылады. Одан бір жыл өткеннен кейін босанып шығады. Ол деректер бойынша Құрманғазының қасында тағы бір адам болады. Сондықтан күйшінің Үркітке айдалуы жөніндегі деректер тек ауызша әңгімелерге сүйеніп алынғанын ескерткіміз келеді. Мүмкін архивтерден жылдар өте Үркіт айдауы жөнінде де деректер шығып қалар. Кім білген, А.Затаевичтің «Құрманғазы түрмеге көп түсті» дегенінің кейін документтік айғағы табылар. Ауызша екенін айта отыра біз қолдағы бар әңгімені жариялауды мақұл деп таптық.

Құрманғазының өмірбаянын айта қалғандай толықтырып, күйшіге жабылған күйенің көбін желге ұшырған күшті деректің бірі – орыстың жазушысы, белгілі кобзарь Тарас Шевченконың досы Н.Савичевтің жазғаны осы бір кезеңде болатын. «Орал Әскері Ведомостерінің» 1868 жылғы сентябрьде шыққан номерінде Құрманғазы мен Н.Савичевтің Үлкен Өзен бойында, Мұқыр форпостында, Бородин деген казак - орыстың үйінде кездескені жөнінде жазылады. Бородин өзі қазақша судай, оның үстіне домбыраны да жақсы тартады, екеуміздің арамызда тілмаш болды дейді Н.Савичев (...).

Құрманғазы Үркіт түрмесінде біраз уақыт жатып қалады. Бұрын әлденеше рет қашып кеткені жазулы болғаннан ба, күйшіні мұнда тіпті қатты ұстайды. Басқасын былай қойғанда, оның не істеп отырғаны үнемі аңдулы болады. Терезеден де, есіктен де сығалап қарап, мінез - құлқының бәрі қарауылшылардың алақанында болады. Құрманғазы надзирательдің біреуі алып келіп берген ескі орыс домбырасын домбыраға икемдеп алып, іші пысып тағы күй шертеді. Өзін күндіз - түні терезеден-есіктен аңдыған адамдардың мінезіне арнап "Терезеден - есіктен" деген күй шығарады. Құрманғазының домбыра тартысы тұтқындарға ұнайды. Бәрі жабылып түрме бастығымен сөйлесіп, Құрманғазының домбыра тартуына тыйым салуды тоқтатуға ұлықсат алады. Осының бәріне жәрдемдескен Сергей деген надзиратель болады. Ол Құрманғазының өмірбаянын сұрап, күйшінің шатпақтап айтқанымен шет жағасын болса да түсінеді. Сергейдің іш тартқаны бірден Құрманғазыға сезіледі. Сол күннен бастап Құрманғазы Сергейден сырын жасырмайды. Бір күні батылы жетіп, Сергейге өзінің қашуды ойлап жүргенін айтып, одан ақыл сұрайды. Даладан жұмыс істеп кешеуілдеп қайтып келе жатқанда Сергей Құрманғазыны есебін тауып кейінірек қалдырып, қашырып жібереді. Әбден алыстасын деп, оның жоқ екенін де бірден айтпай, кейін барып білген болады. Сергей күні бұрын Құрманғазыға оның қалай қарап кетуі керек екенін, қай жерде тасалануы қажеттігін айтып, сілтеу беріп қояды. Өзінің бір досының үйіне бір - екі күн сақтап, ізі суығасын, Сергей Құрманғазыны тиісті бағытына қарай шығарып салады. Кетер алдында Құрманғазыға "Терезеден-есіктен" деген күйін және бірнеше орыс әндері мен билерін тартқызады. Басқадан оқшау тұрмасын деп, Құрманғазының тұтқындық киімін өртеп жіберіп, оған өзінің аз киімінен бөліп киім береді.

Осы сапар Құрманғазы Ертісті кесіп өтіп, Сарыарқаның шетін басып, одан солға қарай иіліп, Шудың бойын қуалап, ақбас Алатауды көріп, Сырды төмен ағып, Жем-Сағыздың бойымен Жайықтан келіп өтеді. Күндіз - түн демей суыт жүріп отырып, Жиделіге келеді.

Құрманғазыны тағы ауыр оқиға күтіп алады. Жалғыз баласы Қази қатты ауырып жатыр екен. Бұл жағдай күйшінің жанын қозғайды. Баланың уайымымен үйінде астың жоғын, тұрмысының қиындығын да елемейді. Бірақ Құрманғазының тілегі болып, Қази көп уақыт төсек тартып жатып, әйтеуір беті бермен қарайды. Әбден арықтаған балаға енді тез оңалып кету үшін жақсы тамақ керек болады. Оның үстіне көп уақыттан бері күйшісін сағынған ел адамдары, достары ағылып келе береді. Баласына да, келген - кеткен қонақтарына да Құрманғазы тамақ, қонақасы тауып бере алмайды. Өйткені Алқа мен Байғазының жиған - терген қара - құрасын баяғы Әуесті қуғанда Құрманғазының мініп кеткен екі атының иесі, бай сыпырып алады. Сөйтіп, күйшінің үй іші тек өлместің күні болып қана күнелтіп отырады. Басқасынан бұрын Құрманғазыға қонақтарын, достарын жайлай алмағаны батады. Пәлен жасқа келіп, ақ - қараны, өмірдің не бір соқпағын да, тоқпағын да көріп қаншама ыссы - суыққа көбісті болғанымен, мына бір жағдай күйшінің жанын қаттырақ тербетеді. Қонақтары кеткесін, Қазидың қасында жайлап, ыңырсып:

«Сұрасаң менің атым Құрманғазы,
Құтқармас, қашса қоян құмнан тазы.
Үйіңе досың келіп құр аттанар,
Қайтейін, кедейшілік малдың азы.
Күреңнің тобығынан тарттым таңба,
Бай менен бас имедім биге, ханға.
Арықтап сары аурудан тұрғанында,
Ас тауып бере алмадым Қазижанға.
Айтайын, айт дегенде өлеңімді,
Білемін бір күн барып өлерімді.
О да бір маған берген бақыт шығар,
Кетейін жайып жұртқа өнерімді.
Құрекең ұшқан құсқа мылтық атқан,
Жігітке жарасайды үйде жатқан,
Кешегі буырқанған кезеңімде,
Байларды қабан едім зар жылатқан»,

– деп, домбырасына қосылып әндетеді. Бұл ән ел арасында «Қазижан» атанып кеткен. Әннің мелодиялық құрылысы «Аш бөріден» мүлде басқа. Көп ел кезіп, жер көріп, орыс музыкасының үнімен де танысқан күйші, бұл әнде басқа, ол өренің ән қорында кездеспейтін жаңалықтар енгізген. Қайырмасының бір жері ғана Қазақстанның батысының ән сарынына келгені болмаса, әннің негізгі «кеудесі» (запев) қазақ музыкасының үндік құрылысынан шығып кетеді. Тіпті, арасы сондай алыс болғанымен Абайдың ән творчествосындағы дәстүрінің кейіптері көрінеді.

Жетпісінші жылдардың аяғы жақындайды. Бұл кезде бұрынғы Құрманғазының соңына түсіп жүргендердің бірқатары өледі, біреулері «енді Құрманғазы осы жолдан келер деймісің» деп күдерлерін үзіп, жайбарақаттанып қалады. Осындай жағдайлардың нәтижесінде Құрманғазы кәдімгідей тыныштық дәрежеге енді шындап енгендей болады. Үй іші де тынышталып, жадыраңқы өмірге жаңа енгендей, уһ деп демдерін алғандай болады. Қазидың дерті де әбден кетіп, айығып, әке - шешесін қуантады. Өмір бойы бұл үйдің төбесін бүркеген бұлт ыдырап, күн көзі көріне бастағандай сезім үй іші адамдарының бәрінің де басында болады.

Осындай жайма - шуақ күнде кенет тағы дауыл тұрып, Сағырбайдың қараша үйін тағы қобалжытады. Бір старшын Құрманғазыға ойда жоқта бір қағаз алып келеді. Ол қағаз Астрахань генерал - губернаторының кеңсесінің Құрманғазыны шақыртқан қағазы болады. Повестканы алып, бармай қалуға қорыққан кісідей болармын деп, Құрманғазы тағы жолға жиналады. Кетерінде қолына әдетінше домбырасын алып, күй тартады. Тыңдаушылардың сұрауына Құрманғазы: «Бұл күйдің аты «Пәбескі» («Повестка») болсын» дейді.

Халық арасындағы әңгімелер бойынша Құрманғазыны генерал - губернатор жауып тастайды. Түрмеде күйші қалмақтың батыры Саранжаппен танысады. Саранжап өзінің ру басыларына бір нәрседен «жазып» қалып, оны осы араға алып келген екен. Екеуі ақылдасып, көп ұзамай есебін тауып, Астрахань түрмесінен қашып кетеді. Олар Астраханнан елу километр жердегі Ерғали Ещанов деген адамның үйіне келіп паналап, екі айдай жатады. Ерғали аздап оқығаны бар, орысша білетін, көзқарақты адам екен. Кәсібі – балық өндірісінде подрядчик болып істеу екен. Өзі дарынды домбырашы Ерғали Құрманғазыны бұрыннан сырттай-ақ ұстаз ететін. Бақытсыздық жағдаймен үйіне келсе де ол Құрманғазыны әкесіндей күтеді. Көптеген, осы бір кезеңде шыққан күйлерін үйренеді. Саранжап та күйшімен бірге болып, аздап тынышқасын еліне кететінін айтады. Құрманғазы сол арада: «Мынау саған арнап шығарған күйім еді, екеуіміздің бірге болғанымыздың ескертуі болсын», – деп, бір күй тартады. Ел арасында ол күй «Саранжап» атанып кетеді.

«Саранжап» арнаған адресінен адаспаған күй. Құрманғазының басқа күйлеріне тіпті соқпайды. Ырғағында бидің элементтері анық көрінеді. Күйдің буыннан буынға көшкен жерде кейпінің кейде өзгеріп кетуі, екпінінің бір түрлі жүрдек келуі, мелодиялық құрылысында қазақ күйлеріне ұқсамайтын, тура келмесе де қалмаққа еліктеген кезеңдерінің кездесуі – Құрманғазының көп елдің музыкалық дәстүрімен танысқанын, қаншама айдауда, қамауда жүрсе де өмірінің барлық мәні, мақсаты болған – музыканы бір минут та есінен кетірмегені, күйлерінің тіл байлығын көбейте бергені көрініп тұр.

Құрманғазы енді ойланып - толғанып, Ерғалидың үйінен еліне кетіп қалуды дұрыс көрмейді. Өйткені, қолы ұзын генерал - губернатор тағы ұстап жаппасына кім сенеді? Ерғалидың қосып берген кісісімен Астраханьға елеусіз болып қайта барып, Мақаш Бекмұхаммедов деген правительді іздеп тауып алады. Мақаш Құрманғазыны сырттай біледі екен, құрметпен күтеді. Біраз үй иесінің сұрауынша күй тартқасын Құрманғазы өзінің жайын термелеп, өлеңмен баяндайды:

**(Жалғасы бар).**

ЕҢБЕК АДАМЫ

# ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ








Ұстаз - адамдықтың диқаншысы. Адам тәрбиелеудің, жеке тұлғаны қалыптастырудың бағбаны. Кіршіксіз, пәк сезімді жас ұрпақты арман жолына жетелейтін де, білімнің қия шыңына көтеретін де ұстаз. «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы», - деп ғажайып дүниенің сырын ашқан, өмірдің қыр - сырын меңгеретін де ұлық тұлғалар. Ендеше, ұстаз білімнің отын жағып, бал - шырын нәрін шәкірт бойына сіңірудің әдіс - тәсілдерін жетік меңгерген мұғалім болу - адам бойындағы ұлы қасиет.

Тұла бойында тұлпардай тулаған дарынын қамшылай түсіп, жаңа шыңға көтерілем деген бала әркез өмірден өзінің шынайы орынын табатыны хақ. Әйтсе де, тал бойына біткен талантын барлығы байқап, көрсете білмейтіні де бар. Тұтанайын деп тұрған жас шоқты үрлеп, лап еткізіп жандыратын жандар да кездеседі өмірде. Олар - өмірдің асуларынан асып, тұңғиығын сүзіп, адамгершілік пен намысты, мейірімділік пен адалдықты тең ұстаған жүректі жандар. Ол жандарды біз «ұстаз» - дейміз.

Міне, осындай ұлы қасиетті бойына сіңірген, біздің бойымызға сіңірген ұлы тұлға, ұлағатты ұстаз – Ақсу ауданының «Құрметті азаматы», «Білім беру ісінің үздігі», зейнеткер - ұстаз Нұркүміс Әміренова атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кабинетінің ашылу салтанатының да куәсі болдық.

Әбу Насыр Әл - Фараби бабамыз: «Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі», - депті. Міне, осы сөздің дәлелін Нұркүміс апайымыздың шәкірттерінен байқадық. Мен өзім де Нұркүміс апайдың шәкіртімін. Қаракемер орта мектебінде жақын аралықта екі кабинеттің ашылу салтанаты болды. Оның бірі өткен аптада Ұлы Отан соғысы ардагері Иманғали атамыздың құрметіне ашылған алғашқы әскери дайындық кабинеті болса, екіншісі міне осы қуанышпен айтып отырған Нұркүміс апайымыздың атына берілген қазақ тілі кабинеті.

Екі шараның да форматы бірдей, алайда екеуінің бір айырмашылығы мектеп директоры Ерғали Әбішұлы бірінші шарада оқу орнының басшысы ретінде сөз сөйлеп, жиынды қорытындыласа, екінші шарада бізбен бірге шәкірт ретінде сөз сөйлеуі болды. Бұл дегеніміз кішіліктің, кісіліктің белгісі деп түсіндік, Нұркүміс апайға деген құрмет деп білдік. Тіпті ауданнан келген басшылар ретінде сөз кезегін алғашқы болып алған аудандық мәслихат төрағасы Сүлейменов Бейбіт Жаңылысұлы да Нұркүміс апайдың алдында шәкірті болып сөйлегені апайымыздың дұрыс берген тәрбиесі екенін сездік.

Ендеше, Нұркүміс апайымыз жайлы азырақ сыр айтып алып, әңгімемізді ары қарай жалғайық.

Әміренова Нұркүміс 1945 жылы сәуір айының 2 жұлдызында Талдықорған облысы, Ақсу ауданы, Ойтоған ауылында дүниеге келген.

1981 жылы Қаракемер орта мектебіне директорлыққа тағайындалып, аталған білім ордасында 22 жыл басшылық қызметте болды. Москвада өткен мұғалімдердің Бүкілодақтық ІІІ съезіне Ақсу ауданынан делегат болып қатысты. Қазақстан Республикасының «Білім беру ісінің үздігі», Ақсу ауданының «Құрметті азаматы».

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп ұлы Абай айтып кеткендей білімді де, білгір шәкірт тәрбиелеу ұстаздан басталары сөзсіз. Ұстаз - киелі ұғым. Осы ұлағатты сөздің астарында білімділік те, ақылдылық та, мейірімділік те, зерделік те жатқан жоқ па?








# - ҰЛЫ ТҰЛҒА

Кабинеттің ашылу салтанатында сөз сөйлеген барлық шара қонақтары Нұркүміс апайымыздың бойындағы осы қасиеттерді жарыса айтты.

Иә, жүректің батырлығын да, сезімнің ақылдылығын да, мінездің жайлылығын да, білімнің байлығын да топтастырып, бір арнаға тоғыстырған ұлағатты ұстаз туралы айтылған сөздердің барлығы да жарасымды шығып жатты.

«Жақсы ұяда балапандар биікке ұшады», - деп атам қазақ қалай тауып айтқан. Нұркүміс апайдың әр күні, жеткен жетістігі, шыққан биігі – бір Алланың бұйрығы, ата-ана, ағайынның ақ тілеуі, әріптестерінің қолдауы.

Келесі кезекпенен сөз кезегін алған өсіп – өнген әулеттің, ел – жұртының үлкендері Балташ ата, Жемісбек аға, Төпек ата және сіңлісі әрі шәкірті Гүлшат апайымыз кабинетке экранды тақта сыйлап, өлең жолдарын арнады:

Жақсы істерге дәнекер
жаны асыл,
Анам тілі, қазақ тілге жанашыр.
Ұстазға тән ұстамдылық
бойында,
Нүкеш апайым, іскерлікпен
дара шың.
Еңбек жолын «Қызылтаңнан»
бастаған,
Еңбекқорды, білімдіні жақтаған.
Басшылықпен өнеге болған
өзгеге,
Апайым, сенің есіміңмен
мақтанам.
Ізіне ерген шәкіртіңе - данасың,
Көбейттіңіз білікті ұстаз
қарасын.
Келешегі ұрпақтың
толғандырып,

Жетелей білдің әр қазақтың баласын – деген ниеттерін білдірсе, осы топтағы шежіреші, тарихшы, өлкетанушы Жемісбек Толымбеков әдеттегідей әңгімесін әріден бастап, Нұркүміс апайдың әке – шешесі, ата – бабасынан бастап сөз қозғады. Әкесі 100 жасаған абыз екенін айтып, апайымызға да сондай бақытты ғұмыр тіледі.

«Баталы ұлға бақ қонар», - деп барлық жақсылық атаулының түп - тамырын батамен ұштастырып келген текті елдің ұрпағымыз – деген кеш жүргізушісі Тайыр Жолдыбаев шаңырақтың отағасы, Нұркүміс апайымыздың жан серігі Серік атамыздан бата алды.

Бауырлары Болат аға, Күнсұлу апай, сіңлісі Алматай және ауыл басшысы ретінде шәкірті Аслан, т.б. қонақтар ақ тілектерін ақтарып, қуанышпен бөлісті.

Оқушылары – бүгінде аудан өнерпаздарының қатарында жүрген Елдос Қалиев, Айзере Алимұрат, т.б. шәкірттері әнмен шашу шашты.

«Ұстазды алтын діңгекке теңер едім», - деп ұлы педагог Ыбырай Алтынсарин айтқандай, ұстаз жолы - қиыншылығы мен рахаты бір басқа жетерлік мамандық атаулының ұлысы. Білім беру кеңістігінде тәжірбиелі де білімді, өз мамандығының хас шебері болған, ұзақ жылдар бойы ұстаздықтың ұлы жолында өзінің айшықты еңбегімен дараланған Нұркүміс Әмірекызы өз сөзінде мектеп ұжымына, шараны ұйымдастырушыларға, демеушілерге, шәкірттері мен туған – туыстарына алғысын білдіріп, сый – сияпат жасап, бала кезде дәрігер болуды армандап едім, алайда, біздің отбасы ұстаздар династиясы болған соң осы жолды таңдап кеттім. Бірақ құдіретті ұстаздық жолды таңдағаныма ешқандай өкінбеймін. Қайта бақыттымын, – деп барлық шәкірттеріне рахметін айтты.

Соңында кабинеттің лентасы қиылып, кабинетке кіріп, шашу шашылды.

**Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА,**
**шәкірті.**
















Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп - өркендеп, мол қаражат пен қоғамдық бәсекелістік пайда болған жерлерде тамырын жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған ауыр кесел. Бұл дерт дамыған елдерге де, біздің мемлекетімізге де зор қауіп төндіріп отыр.

Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс - әрекет жасалған жағдайда қандай іс - қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет.

Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс - әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық параңорлық дертімен жиі бетпе - бет келеді. Сондықтан кез - келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек.

**Д.КИРГАБАКОВ,**
**Ақсу ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, майор.**

● ***МАМАН КЕҢЕСІ***

## ЭХИНОКОККОЗ

## *(Жылауық құрты)*

Эхинококк (Жылауық құрт) – ерте уақыттан белгілі аурулардың бірі 1833 жылы ғалым Зибольд ауруды өршітетін ішек құртының құрылысын микроскоп арқылы байқап, оның адам мен мал денесіне қандай зақым келтіретіндігін дәлелдеді.

Бұл ғалымның айтуы бойынша эхинококк ауруының өзіне тән ішек құрты бар, оның ұзындығы 2-6 мм.

Ішек құртының денесінде ұсақ жұмыртқалары өсіп өніп жатады.

Эхинококктің ұрықтары ит, қасқыр, түлкі, тағы басқа аңдардың қиымен бірге ашық алаңға шығып қалады.

Эхинококкпен ауырып жүрген аңдар, ит адам, мал ішетін суды, ластайды.

Эхинококктың жұмыртқалары суда 12 күн, ал «0» градус температурада 116 күнге дейін өмір сүре алады.

Эхинококк ауруының ішек құрты адамға көбінесе ит арқылы тарайды, иттің ішегінде өмір сүреді, жұмыртқалары немесе оның мүшелері нәжіспен бөлініп сыртқа шығады.Сөйтіп топырақты, ішетін ауыз суды, шөпті, жайылымды және жұғысқан бөлмені, ыдыстарды ластайды.

Оған басты себеп, жоғарыда адам және үй жануарлары эхинококктың онкосферасын (жұмыртқасын) ішіне жұтып алады, осыдан кейін жаңағы ұрығы өзінің сыртқы қабығынан арылып ұлтабардың қан тамырлары арқылы денеге тарайды. Эхинококк кистасы шар тәрізді дененің ішінде түссіз сұйықтық және ұсақ құм тәрізді эхинококкоз қоздырғыштары. Эхинококкпен көбінесе бауыр, өкпе ауырады(соңғы уақытта басқада түрлері кездесуде) ең жиі кездесетіні бауыр эхинококкозы. Эхинококкпен ауырған адам көп уақыт бойы жұмысқа жарамай мүгедек болады, ал операция жасатпай, дер кезінде емдетпей жүре берсе қайғылы жағдайға душар болады. Осы аурумен ауырған малды сойғанда жарақаттанған мүшелері, өкпе-бауырын далаға иттерге тастайды.Оны жеген ит арқылы ауру адамға, басқа малдарға тарайды.

Эхинококк ауруының екі түрі бар, бірінші түрін гидатидозный эхинококк ( жылауық құрты), екінші түрі альвеококкоз деп аталады.

Эхинококк ауруы бастапқыда ешқандай белгі бермейді.Тек эхинококктың кистасы (жылауығы) үлкейгенде, бауырда ісік пайда болады. Ауырған адамның денесінің температурасы 38-39 гр, бауыры сыздап ауырады. Ал эхинококктың өкпеден болатын түрімен ауырған адам жөтеліп, кейде қан аралас қақырық түкіреді. Эхинококкоз қоздырғышы барлық іш құрылысқа жайылып және одан әрі асқынуы мүмкін. Эхинококкоз мәселесі, медициналық мекемесінің ғана емес, ветеринарлық мекемесіне де тікелей қатысты.

1. Алдымен иесіз қаңғырып жүрген бұралқы иттерді құртып отыру керек.

2. Шаруашылыққа керек иттер мен жеке меншіктегі иттерді уақытымен дәрігерлік тексерістен өткізіп, жиі-жиі дегельминтизация жасап отыру керек.

3. Малды күні бұрын дайындалған арнаулы орынға қасап жасайтын жерге сойып, оның эхинококк ауруымен жарақаттанған өкпе, бауыр тағы басқаларын итке тастамай құрту керек.

4. Мал шаруашылығында жұмыс істеп жүрген шопандар, бақташылар, тері тірсек жинайтын, жүн өңдеу фабрикасының жұмысшылары, мал дәрігерлері жылына екі рет дәрігерлік тексеруден өтуі керек.

5. Ал эхинококктан сақтанудың бірден бір жолы жеке бастың жанұяның ұқыптылығына байланысты. Кейбір адамдар балалар итті сылап сипап сүйіп, одан кейін қолын жумай тамақ ішеді.

Осы жоғарыда айтылған шараларды бұлжытпай орындаса ғана эхинококк ауруы таралмайды.

**А.СЕҢКІБАЕВА,**
**аудандық Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының маманы.**

## АҚСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ШЕШІМІ

ЖОБА

**Ақсу аудандық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы «Ақсу ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» №19-85 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Ақсу аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақсу аудандық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы «Ақсу ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» №19-85 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №190304 болып тіркелген) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Ақсу ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» (бұдан әрі - мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты «бір терезе» қағидаты бойынша ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) арнайы комиссия – мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Жетісу облысы Ақсу ауданы (облыстық маңызы бар қала) әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

